


1 2005
6072к



Толымбек ЭЛІМБЕКҰЛЫ

Aх-Үһ!



Алло!
Тымпи!..
Тымпи!..

Толымбек ЭЛІМБЕКҰЛЫ

Ah-Yh!



K

өзіл-сықақ өңгімелер



Астана
2004

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Ә 55 Әлімбекұлы Толымбек.

Ах-Үң! Әзіл-сықақ әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2004. -228 б.

ISBN 9965 – 619 – 69 – 7

Сықақшы Толымбек Әлімбекұлының есімі күлкі сүйер қауымға көптен таныс. Оның «Ләм-мим», «Ым-жым» және «Тойда жолығайық» жинақтары оқырмандар қолдарына әр жылдары тиdi.

Шетелдік авторлардың: М. Задорновтың, Г. Белецкийдің, Ф.Буляковтың комедияларын қазақшалады. М.Әуезов атындағы қазақ театрының сахнасынан әлі түспей келе жатқан ол қойылымдар көрермендердің көңілінен шықты.

Қоғам алмасуындағы керегар көріністер, жалтаң және талтаң мінездер «Ах-үң!» жинағында сәтті суреттелген. Кейіпкерлері – типтік образдар. Олардың бойындағы жағымсыз көріністер мен оспадар қылықтар сықақшының байқампаз назарынан, жанды жерге тиетін уытты тілінен тыс қалмаған.

Қазақы қалжындардың бояуы бар әңгімелер ұлттық дәстүрлерге берік. Тілі ойнақы, жатық. Жеңіл оқылады.

Кітап әзіл сүйер жалпы қауымға арналады.

Ә 4702250204 04
00(05) – 04

ББК 82.3 Каз

ISBN 9965 – 619 – 69 – 7

© Әлімбекұлы Т., 2004

© "Фолиант" баспасы, 2004



Бадырак көз
Байқұлдың басынан
кешкендері

КӨКЖАЛ

Байқұлдың бадырақ көз атануының сырын оны бір көрген адам қайтып сұрамайды. Тас маңдайындағы тәңке-рілген кішігірім қос табақшадай көздерінің өзі-ақ бүл сұраққа оп-оңай жауап бере салады. Енді Байқұл болуы неліктен дейді ғой біреудің қыр-сырын білуғе жаны құштар қазақ. Әкесі Әміртән жарықтық тышқақ лақ бітпеген тақыр кедей екен. Байлыққа да құмар болмаса керек. «Бай болып батып қалмасын, құл болып жатып қалмасын, екеуінің ортасында әйтеуір түрегеп тірі жүрсе – жетеді», – деген ырыммен Байқұл атады.

Сол Байқұл қазір үйі мен жұмысының, жұмысы мен үйінің арасын тұрақты жол қылып үйренген жуас адам. Оңға да, солға да оңайшылықпен бұрыла бермейтін біржақты жолы бар. Демалыс дегенді, демалу дегенді білмейді. Қолы босаса төркіншіл әйел секілді ауылына тартады. Ондайда әйелі кейде ілеседі, кейде ілеспейді. Барапда бір сөмке көтеріп, қалтаңдал барады да, қайтарда үш-төрт сөмке көтеріп, мықшыңдал оралады. Сосын қайын жұртына барғыш. Әйелі барған сайын ілеспесе ілініс басталады. «Жалғыз барсам байы жоқ байғұс си-яқты жалмауыздай көреді ауыл. Сүлденді сүйретсең де ілес» дейді, ілеседі. Ол жаққа барапда Байқұл вокзалдың жүкшілері секілді. Бір дорбаны арқасына жапсырып, қос сөмкені қолына ұстап, қалт-құлт етіп әзер жетсек, кері қайтарда босаған сөмкелерін босаған дорбасына салып көдімгідей женілдеп қалады. Ол қолының босап қайтқанына мәз.

Әйелі Әйпін мектепте оқып жүргенде аудандық газетке «Мектебім», «Тұған жер», «Ұстазым», «Махаббат» деген төрт-бес өлеңі шыққан ақыншатыстау адам.

Қазір де баласын емізіп отырып екі-үш жолды құрастырып жіберетіні бар.

Анау тұрган папамыз,
Папамызға қапамыз.
Атын дұрыс қоймапты,
Мал бітпеген атамыз, —

деп Әміртәнді оқта-текте көрінен бір аунатып тастайды. Онысын балаларына да үйретіп қойған. Олар да «Ленин біздің атамыз» деген тақпақпен бірдей мұны да мұдірмейтіндегі жаттап алған. Жаңылыспай айтады. Әйпіннің баласын емізіп, әндегіп отырып Байқұлға арнаған жырларында аздаған шындық бар. Жалпы Әйпін бала емізіп отырғанда сұрыпсалғыш. Соны ылғи қағазға түсіріп жүретін адам болса осы уақытқа дейін демеуші тауып, «Бала емізіп отырғанда» деген кітап шығарып қояр еді.

Байқұл өмірінде бірінші рет санаторийге барды. Қалың талдың, қаптаған қызы-келіншектің ортасына келгенде оны да шабыт қысып, арқасы қозды. «Қаладағы қалың түтіннің арасындағы өміріміз тірі өрт екен, жаннның рахаты санаторий мен курорт екен» дегені қанатты сөзге айналып кетті. Күйеуге тұңғыш тиген қызы сияқты Байқұл бейбақ алғашқыда әбден күлкіге ұшырады. Асқазан тазартуға барудың алдындағы кеште ауылдан келген етті опыра жесін.

— Жесем тісіме, жемесем тұсіме кіретін қайран қаракесегім-ай! Сағындым ғой, қарылдым ғой! — деп қомағайлана шайнады.

Ертеңгісін ашқарынға асқазанына қарай қатқан қара қыз бармақтай шлангіні зорлап жөнелтсін. Арысы еттен, берісі арактан басқа нәрсе жұтып көрмеген Байқұл бейшара көзінен жас парлап, лоқсып, қиналып бармақтай шлангіні өңешінен өзөр өткізді. Жұтқанын қайтсін, кешегі мүжіген бір жамбас пен асықты жіліктің майлы еті асқазанынан алысқа ұзамай қалып қойса керек сол тәңіректе. Түйдек-түйдек боп бармақтай шлангінің су ағатын оймақтай көзіне қайта-қайта кептеле берді. Онымен төрт-бес минут әуреленген медбике қыз:

— Ағай, қандай қомағай едіңіз! — деп қойып қалды.
Қойып қалып шлангіні сопаң еткізіп суырып алды.

Ауыздарынан шлангі салбырап отырған төрт-бес қызыл-келіншек тұншыға күлді. Байқұл үшін асқазан та-зарту осымен тоқтады. Өзін қомағай атаған қатқан қара қызыға қайтып соқпады.

Қоғалы-ай!

Байқұл деген дардай атқа обал-ай!

Ет келіп қап, кептеліп қап шлангім,

Бір-ақ күнде атаным-ау қомағай!

деген бір жапырақ қағазды медбикенің үстелінің үстіне білдірмей тастап кетті.

Бұл санаторийінің бір қызық жері — құлақтан бас-қа тесік біткенге түгел шлангі жүгіртеді екен. Ішегін та-зартатындар да кезегін күтіп сенделіп жүргенде оларға «қомағай» Байқұл кеп қосылды. Қыз көрсе қарап отыра алмайтын әдетімен медбикемен тілдесті. Ары өзілдесіп, бері өзілдесіп, ақыры балдыз қып тынды. Аты Сымбат болса да сөзі қымбат медбике сөзге сараңдау көрінді.

— Теріс қарап жатыңыз, — деді жеке кабинаға кірген соң Сымбат Байқұлға.

Балдызының айтқанын екі етпей, теріс қарап жата қалды. Ішек тазарту үшін ішіне ішектей шлангі жіберді. Тыпты ете алмаған Байқұл бұған да төзді.

— Балдызжан, — деді теріс қарап жатып-ақ, — біздің жақта жездे деген шымшылап ойнаушы еді, бұл жақта балдыздардың сұққылап ойнайтын әдеті бар ма?

— Сұққылап жатса сұққылап ойнағаны шығар, жез-деке! Сұққылаған кезде, жезде, сұңқылдамаған мақұл. Мынаусын ашасыз, мынаусыз басасыз, — деп қолына қос шлангі ұстасып қойды.

Ол жерден шыққасын да Байқұл арқасы қозды, ақындығы оянды.

— Сымбат қызыға мың алғыс айтЫП бара жатырмыз,
Тура жолдан сәл ауытқып, тайқып бара жатырмыз.

Жігіт болып келіп ек, арқасында балдыздың

Қызтеке боп ауылға қайтып бара жатырмыз, —

деп бір тастады.

Несін айта бересің, қызық қыруар, күлкі көп болды. Асханаға барғанда қомағай атанған ашқарақ байғұс бос орынды көрді де жалл етіп отыра кетті. Апыл-ғұпым тамағын ішіп, табағын төңкере бергенде қалт-құлт еткен екі шал келді. Соғысқа қатысқан ардагерлер екен. Кірпияз қариялар айқайға басып, жерден алып, жерге салсын.

— Қарттардың несібесін қарпып отырғанына қарғанда демалып жүрген бала емес, жем аңдып жүрген қарға секілді қомағай біреу ғой мынау, — деп ардагерлер ары-беріден түк қоймай омырауларындағы орден-медальдарын, қолдарындағы қасық-шанышқыларын қоса сыңырлатып біраз жерге апарды.

Жолын кескен қара мысықтай «қомағай» аты құйрығын бұлғаңдатып, алдынан тағы шықты. Кеше бұл атақты асқазан тазартқанда алғаш естіп, ауыздарында шлангі бол еркін күле алмай арманда кеткен көрші үстелдегі төрт-бес қыз-келіншектің құдайы берсін. Ауыздарын ашып, іштерін басып, өзінен-өзі қаңғып келген күлкіге рахаттана кенелді. Кіретін тесік таппаған соң шығатын есік ізделеп, Байқұл бейшара сыртқа тұра ұмтылды.

Екі-үш күннен соң ептең-септеп еті үйренді. Көршілерімен танысып, көзі ашылды. Санаторийде сабақ оқып, курортта кандидаттық қорғаған қулар көрінеді. Әуелі Байқұлдың қылықтарына қыран-топан күліп ап, санаторийдегі саналуан әңгімелерін айтты. Солардың талай жылғы тәжірибелерін талқылап отырған сәтте асханаға қасына құлышақтай еркелеген жас қызды ертіп егделеу ерекк келе жатты.

— Анау Арыстан! — деді Байқұлдың кеше танысқан көршісінің бірі Құмарбай құлышақ-қызға құмарлана қарап.

— Өзі де арыстандай екен — атына заты сай, — деп Байқұл қоштап қойды.

Құмарбай да, оның қасындағы Сыңарбай да мырс-мырс күлді.

— Арыстан деп оның атын айтып отырған жоқпыш, тірлігін айтамыз. Курорт-санаторийге әйелін емес, ашынасын ала келетін алпауыттарды «Арыстан» дейді. Мынау сондай Арыстан!

— Қасындағы ашынасы ма? Құдай-ау, қызы сияқты жап-жас екен...

— Вот так! Сол себепті де оларды Арыстан деп атай-ды.

Сыңарбай да бірдеңе билетіндігін сездірді.

Арыстанның артынан ілесе кірген мұнтаздай киініп, жылмағай қырынып, галстугін байлаپ, топылыыйын қайта-қайта майлап паң жүретін бұл жігітті Байқұл күнде көреді. Көрген сайын өзгерген киімін байқайды. Театрга келгендей. Қазір де сырттай, жүрісінде қанша салмақ болса да ұясына тоқтамай ерсілі-қарсылы зыр жүгірген көздерінде жасырын «қармақ» бар.

— Мынау нағыз Көкжал!

Бұл жолы оның атын Сыңарбай айтты.

— Көкжал қасқыр! — деп Құмарбай тәліктырды оны.

— Неге?

Тағы бірдеңе бұлдіріп алам ба деп қорқақтаған Байқұлдың сұрагы батылсызыда шықты.

— Себебі ол әйелін үйге тастап, «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп жалғыз келді. Байқайсың ба, жан-жаяна қалай-қалай көз салады?

— Рас-ей, төңірегіне аш қасқырдай ашқарақтанып, ішіп-жеп, сілекейі шұбырып қарайтын сияқты.

— Вот так! Қызыл тұлкі ізден келе жатыр ол! Қызыл тұлкі! Ал өзінің әйелдерімен, жеке меншік әйелдерімен келгендерді малға теңейді. «Баран» дейді оларды.

Бұлардың қызу әңгімесі қастарынан еденді тықылдатып, Франциядан ғана әкелінетін керемет хош иісті ілестіре желпи өткен кербез келіншек бұзып жіберді. Жанында 11 – 12-лердегі қызы бар. Өзі кісіге тіке жанар тоқтатпаганмен жаныңды суырып алатындаи құпия-құмарлықпен көзін сұзіп кетеді екен. Мұндайды бұрын-соңғы байқамаған Байқұлдың сол жақ қалталы түгел солқ етті. Ойпыр-ай, көзі кідірмеді. Немқұрайды желпіген көзқарастың өзі Байқұлдың басын шыр айналадырды. Бүкіл болмысымен, жанымен, қиялымен әлгі француз иіс қалдырған келіншектің жырықжырық көйлегінің етегінен үстай-мұстай, сурініп-қабынып «ілесе» жөнелді. Қасығындағы аузына апара

берген ботқасы ауып кетіп, алдын түгел аймандаған етті.
Анау екеуі тағы мырсылдады.

— Есек дейді оны!

Екеуі қосарлана дауыстады.

— Кімді, мына келіншекті ме?

Байқұлдың күркіреген даусынан қас-қағым сөтте пайда болған қызғаныштың отты найзағайы сатыр-сұтыр жарқылдады.

— Маубас, бұл — нағыз Қызыл тұлкі! Оны санаторийге жіберіп, үйінде бала бағып қалған салпаңқұлақ күйеуін Есек дейді, ұқтың ба?!

— Неге?

— Әйелін жалғыз жібергені үшін...

— Қасында қызы бар ғой...

— Ана қызыл тұлкі ондай қырық қызды ұйықтатып, қырық қыздың аузын құбылаға қаратып кетеді.

— Мүмкін кесел шығар, емделуге келген шығар, ойында ештеңе жоқ шығар... — Байқұл «шығарын» қарша боратты.

— Кесел де емес, мешел де емес! Емделуге келген нағыз кеселдер аналар, — деп Құмарбай ештеңеде шаруасы жоқ, әңгіме-дүкеннің қызығына берілген үш келіншекті нұсқады.

Кешкі тамақтан көп нәрсені үйреніп қайтқан Байқұл биді тамашалауға бұрылды. Әскерде бірге қызмет еткен танысын жолықтырды.

— Кіммен жүрсің?

— Өзімнің үйреншікті самаурыныммен, — деді анау жымышып.

— Самаурыны несі?

— Өз әйелін самаурын дейді санаторийдің тілінде.

— Е, е... — деп барып Байқұл тілін тістей қойды.

— Ондайларды «Баран» дейтінін білемін, қайтеміз, екеуміздің де емделуіміз керек.

Байқұл бұлардың жағдайын түсіне тұрып, өзінің Кекжал екендігіне сүйсінді.

Би қызып жатыр. Бәрі де жарқ-жүрқ киініп алыпты. Әшейінде ортаға сүйреп шығара алмайтын шіренгендер шегірткеше секіреді. Бағанағы «Арыстан» қасындағы құлышақтың ойнақтағанына ілесем деп қара терге

малшыныпты. Көйлек-галстугін тағы ауыстырған «Кекжал» айрыр арқандаган арқаның қазығын суыра алмай әуреге түскен жылқышыдай қақ ортада мың бұралып, екі иығын жұлып жеп селкілдеп, шиыршық атады. Пәлі, қасындағы көбелектей қалықтаған қара көйлекті сымбатты келіншек қыз ерткен «Қызыл түлкінің» нағыз өзі. Шетте әтештей тыптырап, бір аяқтап секірген бишіні де таныды. Көршісі Курицын. Жайшылықта моп-момақан кісі сияқты еді, былай шықса шын әтеш екен! Қызықтап біраз тұрған соң кері қайтты.

Санаторий Байқұлға үнады. Емдеңді, жөндеңді. Жөн білді. Өзінің аулына бір дорбамен барып, үш-төрт сөмкемен қайтатында олжала оралды. Қой аузынан шөп алмайтын Байқұл еді. Бұрынғы мінезінен әлдеқайда басылып қалған Байқұл еді. Санаторийден Кекжал Байқұл бол қайтқанына жатса да, тұрса да қуанады. Тәуба!

ӘТТЕҢ, ТОННЫҢ КЕЛТЕСІ-АЙ!

Байқұлдың балалық шағы өзіне қызық өткен сияқты, өзгелер бұзық өтті дейді. Соған таң қалады. Бала боп үрлых жасамапты. Үрлых демекші, ауылдың шетінде алма бағы бар-тын. Оның қарауылы Молдабай еді. Баласы Бұзаубақ Байқұлмен бір класта оқыды. Сол бақтан алма үрлауға төрт-бес бала төрт-бес күн дайындалды. Құдай біледі, банк тонайтын баукеспелер де олай әзірленбес. Жоспар сыйып, жоба жасады. Сөйтіп мұздай қаруланып (*қарулары – қалта, қойын-қоныш, тесігінен алма түсіп кететін жыртық-жыртық дорба, т.б.*) жорыққа бет қойып келе жатқанда баққа барар жолдағы мүрденің маңында бұлар «қолға түсті». Қайдан естігенін қайдан білсін, алма үрлагыштардың жоспарынан Молдабайлар күні бұрын хабардар бол шықты. Сол тыңшыны Байқұл әлі күнге дейін білмейді. Қарауылдың бүкіл ағайыны Байқұлдың «бандысын» қаумалап ортаға ап, тікенді қураймен сабап-сабап, ауылға қайтатын қара жолға салып жіберді. Ағаштан бір

алма үзіп жей алмай, мойны үзілгенше таяқ жегеніне Байқұл есіне түссе қазір де қарап отырып күйінеді.

Бала біткен үйлерінде шаңқай түсте ұйықтап жатқанда Байқұл шыжыған күннің астында, қара жолдың үстінде өзінен өзі топырақ сұзырып ойнай беретін. Там салатындар топырақ алған шұңқырларға су толтырып, күмп-күмп сұңгіп, беттері торлама қауындай тоз-тоз жарылған балалардың ұйытқысы да осы Байқұл-тын. Рас, тұздықтап боқтаудан чемпионат өтсе, Байқұл бас бәйгені бермес еді. Бұл тақырыпқа келгенде Байқұл да бір, азынап тұрган айғыр да бір – арқырап шыға келеді.

Обалы не, сабакты жақсы оқыды. «Төрттіктің» өзі сирек. Бірақ ата-аналар жиналысына апасын ешқашан шақырмайтын. Біріншіден, ол кісінің мінезі адудынды – мұғалімдердің өзіне баға қойып, емтихан алып кетеді. Содан ұлады. Екіншіден, Байқұлдың сабағы дұрыс болғанмен, мұғалімдердің оған қабағы дұрыс емес. Алдында отырған қыздардың бір-біріне бұрымдарын матап байлаپ, талай ойбайлатқан. Олар парталарына жайғасып ұлгергенше, бұл астарына дәуіт қойып ұлгеріп, сан рет шыңғыртқан.

Әдебиеттің ағайы шылаушаннан қорқады дегенді естіп, қыздар бірде біреуінің шарбағынан ерінбей бір қалта шылаушан қазып әкепті. Әдебиет сабағының алдында қыздар үстелдің үстіне газет жайып, шылаушанды соған төгіп тастамай ма. Байқұл барады да оны отыратын орындыққа шашып жібереді. «Қырсыққанда қымыран іридінің» керімен дәл сол күні мектеп директоры сабак барысын тексеруге кіреді. Аңқау мұғалім қаптаған шылаушанның үстіне қамсыз отырып, журнал толтырады. Ол орынан тұрғанда киімінде ирелеңдеп өріп жүрген жауын құрттары балаларды ду күлкіге батырады. Тіпті директордың отырғанын да ұмытады. Қалш-қалш еткен мұғалім жыларман қалпы директорға жалбарынады.

— Көрдіңіз бе... Бұлар үнемі осылай... Жауын құртын әкепті... — деп қорыққаны ма, ашууланғаны ма, қалтырап-дірілдеген күіі кластан шығып кетеді.

Бұл дау тоқсан бойы таусылмады. Директорға күнде шақырады. Оның алдына бармаған бала қалмады.

Байқұл болса директордың тұрақты «мейманына» айналды. Ақыры ешкім мойында май, «қылмыстың» беті ашылмады. Байқұлдың класы «партизандар класы» атанды.

Байқұлдың осындай-осындай оқиғалары көп. Кейін жағырапиядан оңбады. Ол пәннің мұғалімі:

— Балалар, жағырапияны білу үшін жердің қыртысын, топырақтың түр-түсін білу керек. Жүріңдер, көрсетейін, — деп үйіне апарып, сарымсақ егетін жарты гектар жерін өндете ді.

Сынық мүйіз сиырын суғарып, астын тазалауды артық жұмыс санайтын Байқұл біреудің жерін өндеуши ме еді, қашып жоғалады. Қашқан соң баға оңала ма, оңалмады.

Биологиядан беретін ағай жоңышқасын оруға шақыратын. Жоңышқаны көп жеген малдың іші қебеді. Сол ағайдың жоңышқасын көрсе Байқұлдың да болымсыз іші тырсылдағап ала жөнеледі. Иші кепкен малды шарбақ айнала қуалайды, жүгіртеді. Байқұл да жоңышқаны, шалғыны тастай-мастай үйіне қарай заулайды. Ондайда баға оңа ма, тағы оңбайды. Математиканың мұғалімі пішен жинатады. Малы көп. Айыр көтерсе қолтығы айрылатын өздек Байқұл математикадан да нашар шықты. Сөйтсе де мектепті жаман бітірмеді.

Байқұлдың өзінен аумаған бадыраққоз тұңғышы Тобағыл әкесінен озды. Мектепті өте жақсы бітірді. Медальмен. Жаратылысынан мақтаншақ әкесі жатса да, тұрса да баласының медалін жыр қылды.

— Тұқымымызда мектепті медальмен бітірген ешкім жоқ. Медаль атаулы босағамыздан аттап көрмеген еді, оқығаны мен-ақпын. Оны да грамотамен бітіргем. Мынау керемет болды! — деп ісіп-кепсін. Оқуға көресіңдер, өз күшімен түседі.

Тобағыл да айтқанынан қайтпайтын бірбеткей. «Халықаралық экономикалық қатынастар факультетіне барам» деді.

— Балам-ау, оған кенгуру сияқты қалталылар ғана барады. Біз жираф секілдіміз. Жирафта өзің білесің тек мойын бар. Мына институтқа қылқиған мойын емес, томпиған қойын керек. Басқасына барсаңшы. Көтеріп

жібермесе де көтермелеп жіберетін көке де табылып қалар, құдайға шүкір, — деп ағынан жарылып, ақтарылды.

— Жоқ, онда оқып жүргендер менен артық емес. Барам дегесін барам!

Барды. Балы жетпей, үйіне ботадай боздал қелді.

— Ту сыртымда отырған қыз бір сұрақтың тұсына белгі қоймады. Өз көзіммен көрдім. Сол 67 балмен түсті. Әділ ме?

— Эрине, әділ емес.

— Тест деген осы ма? Папа, менің медалім бар еді ғой?

— Балам, сенің асып-тасатын медалің болғанмен, менің басатын педалім болған жоқ.

— Папа, менің сәл-сәл-ақ балым жетпей қалды, ә?

— Балам, сенің сәл-пәл балың жетпей қалған жоқ, менің аз-кем малым жетпей қалды. Ұға бер, өмір деген осы!

Балың жетсе, малың жетпес,

Малың жетсе, әлің жетпес,

Әттең, тонның келтесі-ай!

Бүгінгінің мектебі жақсы. Ата-ананы апта сайын мектепке шақырады. «Балалардың қамын ойлайды, қайтсін, өздерінің айлықтары да төмен, оны да уақтылы бермейді, соған қарамай бізбен жиі-жиі сөйлеседі» деп Байқұл мұғалімдерге жаны ашып, сырттай сүйсінеді. Сүйсінеді де жиналыстың бәріне алып-ұшып барады. Әлі бұл мектепті үш баласы бітіруі керек.

— Құрметті ата-аналар, біз сіздерді еріккеннен шақырмаймыз, жұмысымыздан зеріккеннен шақырамыз. Класс қорына ақша керек, — дейді.

Апта өтпей сөмкесін өзөр сүйреткен қызынан дүғай сәлем жолдаған мұғалімінің сиырдың тіліндей қағазға қолтаңба қалдырған хаты келеді. «Құрметті ата-ана! Класты сыпырып-жинайтын адам алуға қаржымыз жоқ. Балаларға обал. Өзіміз төлесек те бірдеңе етерміз деген ата-аналар комитетінің шешімімен 300 теңге беріп жіберсеңіз...» Бермей гөр! Мұғалім қызылып тұрса, сөмкесін өзөр сүйреткен қыз екі бүйірі таянып бұйырып тұрса, бермегенде қайда барасың?

— Жиналысқа шақырып жатыр, — дейді мектеп бітіретін ұлы араға тағы бір алта салып.

— Құрметті ата-аналар! Жетіскендей халде емеспіз, ішіміз өртеніп, от ішкендей халдеміз. Ремонтқа ақша керек, терезеге переде аламыз. Көрші кластың ата-аналары музыкальный центр әперген екен, оны директор кабинетіне апарып қойыпты. Жақында үйіне әкетіп қалатын шығар. Бізге де.. — деп барып күмілжіген мұғалімді белсенді ата-аналар қолтығынан сүйемелден жібереді.

— Несі бар, біз де әпереміз. Олардан кембіз бе, видеомагнитофон әпереміз!

Әперді. Байқұлдың да діңкесі құрып, көпшілікке қосылды. Қайтеді, «жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды».

Сөмкесін әзер сүйреткен қызы бұйыра сөйлеп тағы келді, жатқан-тұрғаны міндет. Сиырдың тіліндегі бір жапырақ қағазда қою қолтаңбасы бар мұғалімнің: «Құрметті ата-ана! Қызыңыз З класты мақтау қағазбен бітіргелі отыр. 50 теңге төлесеңіз, қызыңызға мақтау қағазын берер едік» деген хаты Байқұлды тағы әбігерге салады. Бермей ғөр! Қызы сөмкені әзер сүйреткенмен тілі де, тірлігі де жүйрік. Не бересің, не көрмегенді көресің.

Ата-аналар жиналысына шақырған және бір хат қолына тигеннен кейін Байқұл мектепте құстай ұшты. Әбден үйреніп алды. Жиналысқа шақырмаса әжептәуір қиналысты бастап кешіретінді шығарды. Тойдан құр қалғандай томсырайып жүреді. Мектеп бітірушілердің ата-аналары класс жетекшілерінің құлағына бриллиант сырға, алтын жүзік тағуы керек екен. «Ә» класы сөйтіпти. Олардан қалуға болмайды. Қатарынан қалып қазақты құдай ұрып па?! Тағы да жиналды. Жарымашан жалақы әлдеқашан біткен. Қарызданып, қауғала-нып қосылмаса, ұят. Қосылды.

Класс жетекшінің құлағы жарқ-жүрқ етіп, саусағы жалт-жұлт етіп, көнілді даусы сарт-сұрт етіп, мектеп бітірушілер кеші әдемі етіп, аяқтала бергенде директор бар қызықты тастанап, бұртиып үйіне кетті. Ата-аналар да, мұғалімдер де, тіпті балалардың өздері де «қырылып» қала жаздады. Класс жетекшінің сырғасы мен жүзігі ді-

ректордың жүрегін қысып жіберсе керек. Қысылып тұрса да ата-аналар қайта жиналып, таңға жуық директорды үйінен жалынып-жалпиып шақырып ап, өзінің қолына алтын сағат тағып, өмірі жұмысқа шығып көрмеген, тіпті бұз дүниеде бар-жогы белгісіз әйеліне алтын алқа тағып, сөмкесіне оны-мұны салып беріп жіберді. Алтындаپ қойған білегін көріп, салқындаپ қалған жүрегін жылытқан директор үйіне әндетіп қайтты. Байқұл да өзінің әйелінен жасырып жүрген тыққан-пыққан тиын-тебенін, әкесін майданға жібергеннен бетер қайғырса да, директордың қабағын жібітуге амалсыз жұмсады.

— Қалтаның бұрыш-бұрышын қақсаңыз, РайОНОның көнілін тапсаңыз, балаңызға медаль әпере аlamыз. Баланың бағасын өзгерту көйлектің жағасын өзгерткеннен оңайырақ, — деді обалы не, директор да, класс жетекшіде.

Байқұл оған келіспеді:

Жүгірмесең, медаль келмес,
Медаль келсе, педаль көнбес.
Өттең, тонның келсеті-ай! —

деді ішінен ыңылда. Ол ыңылдағаны аш қасқырдың ұлығанына ұқсан кеткендей көрінді.

СЕНСІҢ БЕ, ЖАНЫМ, ҮЙБАЙ-АЙ!

Байқұлдың студенттік күндері де күлкілі. Ертеңмен шекесі жіпсіп, күрең шәй сораптамаса, түсте өңешін күйдіріп ыстық сорпа ұрттамаса, кешке қою тамақты қомағайланған қарпымаса, бірдеңесін жоғалтқандай құлазып жүретіні бар. Осындай ауыл баласына қаладағы студенттік өмір ауырлау соқты. Қырық сом стипендия Байқұлдың ашқарақ асқазанын алдаусырата алмады. Бөлмелес жігіттердің басын біріктіріп, ыдысаяқ түгендеді, ай сайынғы азық-түлігіне ақша жинауды ұйымдастырды. Өзгелер қыздардың есігінен сығалап, жетім бала ұқсан жүргенде, бұлар макарон салынғ-

ан бір көстрөл қою көжені «дп»-сымен дыбысын білдірмей ішіп, жайраң қағады. Бұл әдетке инеліктей Инебай да, еңкіш бойлы Ергеш те, тумай жатып табаны жерге тимей таланттықтың буына бусанған кеуделі Жоламан да, оқта-текте шырқырап ән салып, даусы жетпей қалса қақырынып-қақырынып қайта бастаудан жалықпайтын көртеміш Шақар да, әскердің әңгімесін майданның естелігіндегі, аңшының ақызындаі ақыратып, «қазақ солдаты» атанған Шемен де үйренді.

Іштерінде Инебай қалталы. Ауылдан ұзамаған, әскерге бармаған. Ұяң. Қолы да ашықтау. Азық-түлік, ақша таусылғаннан бастап жігіттер Инебайдың иелігінде. Сабак бітер-бітпес көлден қайтқан атақаздай топтың алдында Инебай бара жатады. Оның соңын ала басқалары сапқа тізіледі. Озып кету, қалып кету, саптан шығып кету секілді оғаш қимылды әскерге бармаса да Инебай жақтырмайды. Ол жақтырмғаннан кейін қалғандары да қаламайды. Қалқамай деген қыз кассир бол істейтін лапшаханаға әндетіп тұра тартады.

Лапшасы Қалқамайдан,
Ақшасы Инебайдан,
Басқасы бір құдайдан, —

деп жігіттер жер астындағы асханаға кіре-міре бірі тамқа жүгіреді, бірі табаққа жүгіреді. Инебай көңілденсе қосымша бір-бір шөлмек сыра әпереді. Өзі татып алмайды. Содан кім жақсы — Инебай жақсы. Ән салып, тамсанып, жатақханаға қайтады.

Екінші курста Инебай өзгерді. Шашын бүйралатты, олпы-солпы киімін түзеді. Айнаға қарайтын болды. Айнаға қараған соң шығын мен пайдаға қарайтын болды. Бөлмелестердің халі аз-кем мүшкіл тартты. Байқұл қарап жүрмей оқта-текте Инебайды ине тыққандай сөзімен ашуландырып қояды. Оның бұл қылышын бөлмелестері ұнатпағансиды, ұрысқансиды.

Бірде Инебай су жаңа қалыңдәптер сатып ап, сыртына Қамшыбай дейтін ақыға қимылдайтын суретшіге иректетіп, «Инебай» деп әшекейлел жаздырыпты.

Үзілісте Байқұл оның астына әсемдеп «Сенсің бе, жаңым, үйбай-ай» дегенді тіркестіреді. Ал кеп ашуланған Инебайды жұрт бұдан былай «Сенсің бе, жаңым, үйбай-ай» деп атап кетті. Тегін тамаққа мұныңда кесірі тиді.

Байқұлдың тілі де, жазуы да әдемі. «Әскерде бір баталыон қазақ жігіттерінің қыздарына хат жазып беретінмін» деп мақтанатын, рас болса. Инебай үшінші курста махаббат дертіне шалдықты. Көрші факультетте жерлесі Гуляға өлердей ғашық болды. Әдемі открытикаға әдемі өлең сөзben хат жазу ол кезде модаға айналған. Ондай сөзді тізбектеу тек Байқұлдың ғана қолынан келеді. Инебай Байқұлға жалынды, оның құрметіне бүкіл бөлмелестерге арнап дастархан жасады. Үстелдің үсті жайнап тұр, тіпті 7-8 шөлмек сыра мен 2-3 бөтелке шарап та бар. «Шәй қайнағанша жаза бер» деп, Байқұлдың қолына көздің жауын алатын открытика мен фломастер ұстартты.

— Қызыңың аты кім? — деді Байқұл Инебайдан қайталап сұрап.

— Гұля, Гуляжан дей берсеңші.

Ойна бірдеңе түсті ме, Байқұл бір мырс етіп, жазуына шұғыл кірісті. Оның міnezін бес саусақтай білетін Инебайдың іші бірдеңені сезді. Жалма-жан қасына жетіп барды. Қағазды оқыр-оқымас өңкіген денесімен Байқұлды тұншықтыра бас салды. Ақсары жүзінде қан ойнап, жүқә танауы тым деддіп кетті. Анау:

— Қойдым, қойдым! Қайта қатырып жазып беремін, — деп шыр-пыр етеді.

Қызықты бір жәйттің болғанын сезген Жоламан Инебайдың қолындағы қағазды жұлып ап, дауысталап оқыды. Бәрі қыран күлкіге батты.

— Айналайын Гуляжан,
Өз атым Инебай,
Әкем аты Бұлажан,
Сүйіп жейтін салатым — баклажан, —

деп бастаған екен құттықтауды қырсық Байқұл.

Инебай сабасына қайта түсті. Байқұл да арнау жазуға қайта кірісті. Аңқау Инебай әлгіндегіні ұмытты да:

— Өзі — туысқаным. Бірақ бір-бірімізді ала береміз, — дейді түк болмағандай.

Оны да бос жібермейтін Байқұл келесі арнауды былай шұбыртыпты:

Айналайын туысқан,
Сен де шықтың қуыстан,
Мен де шықтым қуыстан,
Ата жолын қуысқан
Туысқан мен туысқан
Сөтін тауып жуысқан.
Құлап сүйдім өзінді
Шығармастан уыстан...

Нагыз «қырғын» енді басталды. Шұжық желінбей, тауық алынбай, сыра ішілмей, бөлменің астаң-кестеңі шықты. Жалғыз Байқұлға жалпы жабылды. Аналар түгел Инебай жағына өтті. Амалы құрыған Байқұл бөлмені тастап, жайнаған дастарханға мөлие қарай-қарай кете барған.

Небір дәурен өтті-ау! Байқұл да есейді, есі кірді. Әйпініне жолыққасын бәрі ұмытылды. Жынынан айрылған бақсы, құнынаң айрылған «бақсы» сияқты мояжантомпай күй кешті. Бөлмелестері де қызмет қуып қыр жағалап, мансап іздел маңайды шолып, байлық түгендер базар аралап кетті бет-бетімен. Инебай сол шашын бүйралатқан бағытынан таймады. Тұрмысында, мінез-құлқын да түгел бүйралатты. Туысқаны Гуляжанды ала алмады. Басқасы бүйірдыш. Оған жолыққана Инебай өкінбейді, өмір-бақи қарыздар екен қайта. Ырзалығы соншалық, өзінің азан шақыртып қойған Инебай аты ұнамай, басқаға өзгертіпті.

Арада жылдар жылжып, күндер сырғанады. Байқұл мен Инебай астананың қақ төрінде жолығысты. Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі, құдай-ау, тоба. Екеуі шүйіркелесті. Ары-беріні қозғады. Бір қызығы төңірегіндегілердің бәрі «Қыреке, Қыреке» дейді. Байқұл байғұс оны айта алмай «Инебайлай» берді. «Инебай» деген сайын ол да ине жүтқандай жиырылады.

Иә, Инебай өзгерген. Астында атырылған шетелдік машина. Байқұл оның аты мен түсін ажырату үшін тағы бір оқуды бітіруі керек.

— Үйге шайға шақырып, ерулік берер ем, үй ауыстырып жатырмын. Қазынаның үш бөлмелі көп қабатты үйінен жерідік. Оңаша екі қабатты жеке үй алғам. Соған шақырармын, — деп қоштасып, қол алысып тұрып, Байқұлға базына айтты. — Инебай деген есім институтта қалған. Оны ұмыт. Қашанғы ине боламыз. Қырымбыз қазір. Сондықтан Қырым дегениң мақұл.

Салмақтап, зіл тастап, машинасына беттеді.

Осыдан кейін айға жетер-жетпес уақытта Байқұлды басып кете жаздал, су жаңа шетелдік машина тоқтады. Инебай, жо-жоқ Қырым екен. Машинасын тағы ауыстырыпты.

— Үйге көштім. Ішін қайта жөндетуді бастадым. Евроремонт жасап болған соң ерулігімді ұмытқан жоқын. Тауып аламын, сау бол! — деп шаңдатып өте шықты.

Байқұлды Инебайдың мысы қедімгідей басып тастады.

— Қыреке! — деп қысылып орнында тұрып қалды.

Артынан және бір жолыққанда енді Эмираттан жаңа араб жиһазын әкелетінін, кей бөлмелерін иран кафелімен әшекейлейтінін өз аузынан естіді. Соның бәрі біткесін шақыратынын ескертті. Бұрынғы бұрынғы ма, Байқұл шын дегірсізденді. Оңашада Инебайдың, ойбай-ау, Инебайы несі, Қырымның зәулім сарайын, оның төрінде Эйпін екеуінің шалқып отырғаны көз алдына елестетті. Елестетіп, өзінен өзі әбігерге түсті. Қырымды көргісі кеп қырынып, шашын бүйралатқысы кеп бүлініп, мың толқыды.

Жақында тағы кезікті. Үйдің бәрі бітіпті. Ауладағы бассейні ғана қалса керек. Сосын тай сойып үлкен кісілерді шақырады-мыс. Одан кейін орташаларын қонақ етіп, соңына таман Байқұлға ерулік береді-міс. «Мыс» пен «міске» мес болған Байқұл да шыдамды, күтті. Дәметуін дәметті-ақ. Алаңдал Қырымды көшеден іздейтінді шығарды. Ондайда бәлең жолыға ма, көзге де туспейді.